

**Сауран ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 385 қаулысының күшін жою туралы**

Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 244 қаулысы

Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодекстің 107 - бабына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 - бабтарына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 65 - бабына сәйкес, Сауран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауран ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы Сауран ауданы әкімдігінің № 385 қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Жанғазиевке жүктелсін.

3. Қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сауран ауданының әкімі*

*Ғ.Үсенбаев*